



Ақмешіт

13 маусым
сейсенбі

№47 (1954)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҰЛТ АЗА ТҮТҚАН КҮН



Мемлекет басшысының Жарлығымен Абай облысындағы орман өртінің салдарынан адамдардың қазаға ұшырауына байланысты 12 маусым жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Кеше Қазақстан бойынша Мемлекеттік тулардың барлығы төмен түсірілді.

Оқинішке қарай, тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы бұл алғашқы аза тұту күні емес. Ақпарат көздеріне сүйенсек, республикамыздағы алғашқы аза тұту күні 2006 жылы болған екен. Сол жылдың 22 қыркүйегінде Қарағанды облысындағы шахталардың бірінде метан жарылып, 41 адам қаза болды. Қазақстан халқы алғаш рет осы оқиғадан соң аза тұтты.

Арада 2 жыл өткен соң еліміздегі шахталардың бірінде тағы да жарылыс болды. Анығын айтқанда, 2008 жылы Қарағанды

облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарасты «Абай» шахтасында метан жарылды. Жарылыс салдарынан 30 адам қайтыс болды. Халқымыз 2 күн қатарынан аза тұтты.

Қазақстан халқы Қызылағаштағы оқиғаны әлі ұмытқан жоқ. 2010 жылғы 11 наурызда Қызылағаш су қоймасындағы бөген бұзылып, ауыл суға кетті. 45 адам қаза тауып, 370 үй жарамсыз болып қалды. Сол жылдың 16 наурызы жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

Ел халқының жапайы аза тұтқан тағы бір күні Челах ісімен байланысты. 2012 жылғы 30 мамырда «Шығыс» аймақтық шекара қызметі Ушарал отрядының «Сары бөктер» заставасында 12 шекарашы мен қорықшы кісі қолынан қаза тапты. Осы қылмысты жасаған шекарашы Владислав Челах 11 желтоқсанда өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Ұлттық аза тұту күнінің жариялануына байланысты, 5 маусымда еліміздің мемлекеттік туы түсірілді.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында 2012 жылы екі рет жалпыұлттық аза тұту күні болды. Алғашқысын жоғарыда атап өттік, екіншісі ұшақ апатымен байланысты. 2012 жылғы 25 желтоқсанда Шымкент маңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің ұшағы құлап, бортағы 27 адам бақилық болды. Екі күннен соң Қазақстан халқы жалпыұлттық деңгейде қаза тапқандарды еске алды.

2012 жылды аза тұтумен аяқтаған жұртымыз үшін 2013 жыл да сәтті бастала койған жоқ. Бұлай деуімізге 2013 жылғы 29 қаңтарда Алматы маңындағы Қызылту ауылына жақын жерде Scat компаниясының Көкшетау-Алматы бағытындағы әуе рейсі жерге құлап, 21 адамның көз жұмғаны себеп болып тұр. Осыған байланысты 31 қаңтар қаралы күн болып жарияланды.

Қазақстан тарихындағы қаралы күннің бірі радикалдардың кесірінен болды. 2016 жылғы 5 маусымда Ақтөбе қаласында радикалды ұстанымдағы қылмыстық топ 2 қару-жарақ дүкенін тонап, әскери бөлімге шабуыл жасады. Қарулы қақтығыс кезінде 21 адам ажал құшты. Олардың арасында 8 қала тұрғыны, 3 әскери адам және 13 қылмыскер болды. 9 маусым күні қазақстандықтар тағы да аза тұтты.

Тәуелсіз еліміздің тарихында ұшақ апаты да аз болмаған. 2019 жылғы 27 желтоқсанда Век Аіг әуе компаниясының ұшағы Алматы әуежайында 2 қабатты үйге соғылып, 12 адамның жанын жалмады. 28 желтоқсан күні қазақстандықтар аза тұту күні болып жарияланды.

Әлемді әбігерге салған пандемия да жұртымызға оңай соқпады. 2020 жылы 13 шілде еліміз бойынша коронавирустан қайтыс болғандарды еске алуға арналған аза тұту күні болып жарияланды.

Қаңтар қасіреті мен Жамбылдағы әскери бөлімде болған жарылыстың салдары да оңай болмады. Естеріңізге салсақ, 2021 жылдың 26 тамызында Жамбыл облысының Байзақ ауданында орналасқан әскери бөлімде сағат 19:00 шамасында қоймалардың бірінің жанында өрт шықты. Қоймада инженерлік оқ-дәрілер сақталған. Тараз қаласының мектептеріне 1200-ге жуық адам, яғни Байзақ ауданы Қайнар, Ботамойнақ, Жібек Жолы ауылдарының және Үшбұлақ станциясының тұрғындары көшірілді. Сол жылдың 29 тамызы қаралы күн болып жарияланды.

Қаңтар қасіретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі жапайы тәртіпсіздіктер кезінде көптеген адамның қайтыс болуына байланысты 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады.

Абайдағы өрт бірнеше адамның өмірін жалмап, 60 мың гектар орман күлге айналды. Президент жарлығымен 12 маусым жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

Марқұмдардың жаны пейіште болғай.

Әзіз ЖҰМАДИЛДҰҰЛЫ

ҚОШ БОЛ, АЛАШТЫҢ АРДА ҰЛЫ!



Маусым айының 10-жұлдызында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында бар күш-жігерін сарқа еңбек еткен елдің сыйлы ері Сапарбаев Бердібек Машбекұлы фәни дүниемізден қостасты.

Бердібек Сапарбаев қайтыс болды деген хабар бірден жер-жерге тарап кетті. Алаш жұрты айбынды ерін қабырғасы қайыса жоқтады. Әлеуметтік желі атаулыға жұртшылық Сапарбаев жайлы жылы лебіздер, естен кетпес естеліктер жазып, отбасы мен тұтас ұлтқа көңіл айтты.

Ұлттың ұлы болған Бердібек Сапарбаев 1953 жылдың 9 қапанында Қызылорда облысындағы Жапақорған ауданының Бесарық ауылында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Бердібек Машбекұлы еңбек жолында ҚР Министрлері кабинеті аппаратының басшысы, Қызылорда облысының әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы, Қаржы министрлігінің вице-министрі-кедендік бақылау комитетінің төрағасы, Премьер-министр кеңесі басшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Үкіметтің өкілі, Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі, Премьер-министрдің орынбасары, Ақтөбе облысының әкімі, Жамбыл облысының әкімі сынды қызметтерді абайроймен атқарған.

Бердібек Сапарбаевтың өмірден өткенін естіген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев марқұмның отбасына көңіл айту желделхатын жолды.

«Бердібек Машбекұлы ұзақ жылғы еселі еңбек жолында лауазымды қызметтерді абайроймен атқарып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өркендеуіне және өңірлерді дамытуға мол үлес қосқан еді. Мемлекетіміздің сындарлы саясатын зор біліктілікпен жүргізе білді. Қазақстанның беделі мен мәртебесінің арта түсуіне қажыр-қайратын жұмсады. Азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленді. Сонымен бірге із қалдырған Бердібек Машбекұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жаннатта болсын», – деп жазылған желделхатта.

Жексенбіде Алаш жұрты айбынды ерін соңғы сапарға шығарып салды. Рәсім Абай атындағы қазақ ұлттық опера және балет театрында өтті. Оны соңғы сапарға шығарып салуға туған-туыстары, әріптестері, депутаттар мен жүздеген тұрғын барды.

Бердібек Сапарбаев шын мәнінде өмірін елге арнаған ер еді. Ең қиын салаға, ең қиын аймаққа жіберетін ол кісіні. Бірақ сол ең қиын деген жерлерде ерекше күш-қайрат көрсетіп, елдің ертеңі үшін еңбек ете білді. Алаш жұрты, дүйім қазақ осы үшін жақсы көрді оны. Адалдығы, еңбекқорлығы үшін құрмет тұтты, қадірледі. Бердібек Сапарбаевтың өнегелі өмірі мен еңбек жолы, жарқын бейнесі ел есінде сақталатын болады.

Ә.БАТЫРБЕКОВ

Семей орманындағы өрт: КІНӘЛІ КІМ, ҚАТЕЛІК НЕДЕН?



Өрт тілсіз жау екені белгілі. Апат айтып келмейді. Дегенмен әрбір оқиғаның себебі мен салдары болатыны белгілі. Осыдан жарты ай бұрын Ресейдің Алтай өлкесінің аумағынан тұтанған өрт Семей орманы аумағына дейін шарпығаны туралы жазылған еді.

Сол кездегі ресми ақпараттарға сүйенсек, төмендегідей: «22 мамыр күні сағат 15:25-те РФ Алтай өлкесінің аумағындағы Новенькое ауылының маңында тұтанған өрт Абай облысы Бородулиха ауданындағы ауыл станциясынан 7 км қашықтықта «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты аумағына өтіп, құрғақ шөп өртенген. Орман шаруашылығының мәліметтері бойынша сағат 22:50-дегі жағдай бойынша өрттің алдын алу ауданы 70 га құрайды. Қазір өртті сөндіруге өңірдегі күштер жұмылдырылған. Өрт орнына қосымша Семей қаласынан өрт сөндіру техникасы жіберіледі. Айта

кетейік, дүйсенбі күні түнгі сағат 23:07-де Семей қаласынан ауыл станциясына ҚТЖ өрт сөндіру пойызы келді». Яғни барлық күш жұмылдырылып, жалынды сөндіргенімен, араға көп уақыт салмай оттың қайта тұтануы кім-кімді де ойға қалдырады. Ең өкініштісі, де сол, тілсіз жаудың шығыны аз болмады. Ең қиыны, қанша адамның өмірін жалмағаны орны толмас қайғылы оқиға. Ресми ақпаратқа сүйенсек, «Семей орманы» резерватының жалпы аумағы 650 мың гектардан асады. Соның оннан бірін өрт шарпып, 200 адам Семей қаласындағы жатақханаларды пәнәлауға мәжбүр болды. Тілсіз жаумен алысқан орман шаруашылығының 14 жұмысшысы ажал құшты.

Кеше елімізде жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

2 бетте

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ БОЛУ ҚАУПІ БАР

2 бетте

Су тапшылығы бүгінде адамзат баласының күтпеген бас ауруына айналды. Соңғы жылдары осы мәселе алдымыздан шыға берді. Бұл қиындықтан қалай құтылуға болады? «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген. Біз мұнайды уайымдап жүргенде негізгі тіршілік көзі судан таршылық көрсек, онда елдің жағдайы қандай болатынын ойлаудың өзі қиын. Мұнан 550 жыл бұрынғы құжатта көрші мемлекеттер ортақ өзен-суларын қалай пайдаланамыз, қандай тәртібі болуы керек, қалай үнемдейміз, көршілермен қалай бөлісеміз деген сауал қамтылған. Мәселен, ортақ өзенді пайдалануда көрші елдер бір-біріне кесірін тигізбеу, қанша көлемде су беріп тұру керек деген келісім 200 баптан тұратын



құжатта толық қамтылған көрінеді. Бұл туралы гидротехник Нариман Қышпақбаев шаң басқан архивтен тапқан. Эколог мамандардың айтуынша, ХХІ ғасырда алтын – ақша болудан, мұнай – байлық болудан қалатын көрінеді, байлық қара суға айналады дейді. Оны қазірдің өзінде көріп, сезініп отырмыз.

КӘСІПТІ ҚОЛДАУДА НӘТИЖЕ БАР

2 бетте



Қалалық мәслихат депутаттары ауылдық елді мекендерде шағын кәсіпкерліктің даму бағысын бағамдады. Бұл мақсатта қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округіндегі жүзеге асқан жобалармен танысты. Олар алдымен жылыжай кешеніне барды. Аталған жылыжай кешенінің жұмысымен жеке кәсіпкер Жәнісбек Бердешов таныстырды. Ол 2022 жылы өз қара-жаты есебінен 15 млн теңгеге жылыжай кешенін іске қосты. Қазіргі таңда ауыл мен қала тұрғындарын қиыр мен қызанак өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр.

Семей орманындағы өрт: КІНӘЛІ КІМ, ҚАТЕЛІК НЕДЕН?

Басы 1-бетте



Немқұрайлықтың салдары

Жаңа министр үшін сын сағаты немесе сөгіс алған әкім

Ормандағы өрт туралы ресми хабар 8 маусым күні хабарланған. Өрт найзағайдан болды деген де болжам бар. Алайда хабар жетісімен бұл жағдайға немқұрайлық басым болғанын Ел Президенті оқиға орнына өзі арнайы келгенде атап айтты. Яғни бұл жағдай бір күн өткен соң ғана, 9 маусым күні кешке тиісті министрліктерге хабарланған. Сол кезде қызметінде отырған Юрий Викторович Ильин Мемлекет басшысына орман өрті бір күн өткен соң кешке, жағдай қиындаған соң ғана хабарлаған. Тіліз жаудың алдын алуда шарасыздық танытқан төтенше жағдайлар министрі сол сәтте қызметінен босатқан Президент алдын ала белгіленген Вьетнам сапарын кейінге шегеріп, Абай облысына келді. Президент келеді деген хабарды естіген облыс әкімінің қиын жағдайды өңеруді кейінге қалдырып, «жол тетістеп» кеткені де сынга қалды.

Мемлекет басшысы 11 маусым күні өртенген аумақты тікұшақ арқылы көріп, тіліз жазу арналыста қаза болған азаматтардың отбасына барып, көңіл айтты.

— Көңіл айтуға арнайы келіп отырмын. Бұл — бүкіл халқымыз үшін үлкен қасірет. Еліміздің қайғысы. Бекем болыңыздар. Орны толмас қайғы екенін түсінемін. Сіздерге жан-жақты көмек көрсету жөнінде Үкіметке тапсырма бердім. Үкіметке немесе маған жеке өтініштеріңіз болса, айтыңыздар. Барлық өтінішті орындаймыз. Қаза тапқан азаматтар қайтып келмейді. Бірақ өмір жалғасады. Осы қайғылы жағдайға кінәлілердің бәрі заң бойынша жауапқа тартылады. Дүйсенбі күнін еліміз бойынша жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияладым. Біз қаза тапқан азаматтарды еске аламыз. Сабыр сақтап, бекем болыңыздар. Құқық қорғау органдары мен министрліктер тарапынан болсын, барлық сала бойынша тиісті шаралар қабылданады. Қазір кеңес өткіземін. Бұл жағдайдан міндетті түрде тиісті қорытынды шығарамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Мұнан соң Президент төтенше жағдай жөніндегі жедел штаб отырысын өткізді.

— Елімізде тағы да алапат өрт болып жатыр. Өкінішке қарай, тіліз жаумен күрес кезінде азаматтарымыз қайтыс болды. 14 адам қызметтік міндетін атқарып жүріп ерлікпен қаза тапты. Мен жаңа ғана бұл адамдардың туыстарымен кездестім. Өте ауыр өңгіме болды. Жұрт жылап отыр. Үкіметке наразылығын айтып жатыр. Марқұмдардың отбасыларына және жақандарына қайғыға көңіл айтамын, — деді Мемлекет басшысы.



Президент жаңадан тағайындалған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановты таныстырып, ведомствоға жүкте-летін басты міндеттерді атап өтті.

— Алда ауқымды жұмыс бар. Жалпы бұл салада түйткілдер, шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Қазіргі таңда негізгі міндет — жұмысты сапалы жүргізу. Бұл — ең алдымен, осындай апаттарға жол бермеу қажет, сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде тиісті шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деген сөз. Бұл жағдай кәсіби салғырттықты, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтындығын көрсетті. Мен бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік және оның басшылары өздерінің қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай қайғылы жағдай болып отыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өртпен күрес шараларының басы-қасында жүрген Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Құлдіков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевтың табиғат апаты салдарымен күресу, жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарын эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Президент баяндамашылардың жауабына көңілі толмайтынын жеткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановқа батыл кадрлық шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма берді. Ал Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевқа сөгіс жариялады.

Президент қазір адам өмірін сақтау, сондай-ақ өртті ауыздықтау басты мақсат екенін атап өтті.



Сонымен қатар Үкімет пен облыс әкімдігіне келтірілген шығын көлемін шұғыл анықтау, зардап шеккен тұрғындардың бәріне қолдау көрсету, қаза тапқан азаматтардың отбасына және зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу мәселесін шешу, алапат өрт кезінде өмірін құрбан еткен жандарды мемлекеттік наградаға ұсыну, бүлінген нысандарды қалпына келтіру

жұмыстарын дереу бастау жөнінде бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылмағанын, берілген тапсырмалар атүсті орындалғанын қатаң сынга алды. — Қауіп-қатердің бағаланбағаны қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Болжам дұрыс жасалмады. Нәтижесінде табиғат апаты тиісті дәрежеде әрі дер кезінде ауыздықталмады. Демек, тиісті алгоритмдер жұмыс істемейді. Бұл, ең алдымен, Төтенше жағдайлар министрлігінің кемшілігі.

Бас прокуратураға қозғалған қылмыстық іс аясында уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекетіне нақты баға беруді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент орман және дала өртінің алдын ала анықтау және апатты жағдайдан сақтандыру жөніндегі жұмыс тәртібі жолға қойылмағанына назар аударды.

— Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен өңірлердің әкімдері мүдделі мемлекеттік

орғандармен бірлесіп, өрт ошақтарын ерте анықтаудың цифрлық жүйелерімен жабдықтау, өртті бейнебақылау және мониторинг жасау жүйелерін енгізу шараларын қабылдау керек. Мұндай жүйелерді енгізгенге дейін орман алқабын авиация арқылы және жерден бақылау, сондай-ақ өрт қаупі жоғары кезеңдерде «шұғылсыз ұшатын аппараттарды» қолдану жиілігін арттыруы қажет. Сонымен қатар табиғатты қорғау және орман мекемелерін өрте қарсы техникалармен жаратқандыру деңгейін талапқа сай нормаларға дейін жеткізуі керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қостанай өртінен сабақ алмадық

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысындағы өрттен кейін азаматтық қорғаныс мекемелерінің, жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға нақты дайындығын тексеру жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Өкінішке қарай, нәтижесі көңіл көншітпейді. Материалдық-техникалық жабдықтау көрсеткіші 69 пайыз, функционалдық инфрақұрылыммен жабдықтау 63 пайыз деңгейінде. Ал орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға әзірлігі 70 пайыз.

— Үкімет дайындық көрсеткіштерін төтенше жағдайларға тиісті дәрежеде төтеп беретін деңгейге жеткізуі қажет. Әлемде бірде-бір мемлекет көп кәсіби өрт сөндірушіні ұстап тұра алмайды. Еріктілер отрядтарын тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады және оларды оқытады, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді және сақтандыру шаралары қарастырылады. Бізде де бұл нормалар заң жүзінде қарастырылған. Біз бұл ресурсты белсенді пайдалануымыз керек. Жаздың ыстығы енді ғана басталды. Кез келген уақытта өрт шығуы мүмкін. Сондай кезде өрте төтеп беру үшін дайындық сақадай сай болуға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді.

Еріктілердің еңбегі ерлік

Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылармен және еріктілермен кездесті.

— Баршаңызға алғыс айтамын. Еріктілер, сіздерге де ризамын. Жарайсыздар. Сіздердің сіңірген еңбектеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды. Үлкен апат болды. 14 адам қаза тапты. Жаңа ғана азаматтармен кездестім. Өте ауыр жағдай. Сондықтан осындай қасіретті апат кезінде бәріміз бір халық, бір ұлт болып бірге жұмыс істеуіміз керек. Жаңа ғана кеңес өтті. Ұйымдастыру шараларын талқыладық. Төтенше жағдай барлық елде болады. Ең бастысы, біз осы төтенше жағдайды, әсіресе өртті адам шығынына жол бермей, уақытылы, тез ауыздықтай білуіміз керек. Аман болыңыздар, — деді Президент.

Кешелі бері Абай облысында үш бағытта (онтүстік, батыс және шығыс сияқты) өртті сөндіру жұмыстары жалғасып жатыр. Шығыс бағытта ауыр техникамен минералданған жолақтар жасау жұмыстары жүргізілуде.

Жергілікті әкімдіктің мәліметінше, өртті сөндіруге ТЖМ, Орман шаруашылығы комитетінен, жергілікті атқарушы органдардан және Қорғаныс министрлігінен 1 500-ге жуық адам, 300-ден астам бірлік техника жұмылдырылған.

Сонымен қатар өрт аумағын аэровизуалды тексеру және өрт ошақтарына әуеден су тоғуды жүзеге асыру үшін 14 тікұшақ тартылған. Өрт сөндіру жұмыстары басталғаннан бері өрт ошақтарына әуеден 621 рет су тоғылды, жалпы көлемі 1 900-ге жуық тоннаны құрайды.

Төтенше жағдайлар жөніндегі су жаңа министр генерал-майор Сырым Шәріпханов пен Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жаксылыков өрт сөндіру жұмыстарын үйлестіру үшін оқиға орнына жетті.

Мемлекет басшысының Жарлығымен орман өрті кезінде қаза тапқандар «Құрмет» орденмен марапатталды.

Р.С. Орман өртінің себебі мен мән-жайын анықтау үшін арнайы Үкіметтік комиссия құрылды.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ
Фотосуреттер ашық дереккөздерден алынды

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ БОЛУ ҚАУПІ БАР

Басы 1-бетте

Оның үстіне тарихи жағдай мен географиялық бөлініс үлкен өзгерістерді басын алып қойды. Ертіс пен Ілең басы қазір Қытайға қарайды. Сыр мен Еділ, Жайықтың басында да бұрын қазақтар болған, қазір өзбек пен орыс отыр. Біз ешқашан Сырдариядан айырылмауымыз керек. Бұл Қазақстанның мемлекеттік, ұлттық ұстанымы болуға тиіс дейді осы саланың мамандары. Дәл осы тақырып Парламент қабырғасында да айтылды.

Бұл тақырыпты Қызылорда облысынан сайланған Парламент депутаты Мархабат Жайымбетов көтеріп, қазіргі Арал проблемасы туралы Премьер министрінің бірінші орынбасары Склярға депутаттық сауал жолдады.

«Арал теңізінің проблемасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үнемі бақылауында. Бүгінгі күні солтүстік Арал теңізінің тартылуы жайы өңір халқын қатты алаңдатуда. Өкінішке қарай 12 жыл ішінде теңіз көлемі 8 жарым миллиард текше метрге азайған. Яғни үштен бірінен айырылды деген сөз. Суы қашқан теңіздің табанынан көтерілген тұздар бүкіл орталық Азия елдеріне зиянын тигізетін экологиялық апатқа айналды. Нәтижесінде судың тұздылығы сегізден он үш грамм литрге көбейген. Ал егер судың тұздылығы отыз бес грамм литрге жетсе, балықтар жаппай қырыла бастайды. 1920-21 жылдары Арал аумағында қуаңшылық белең алып, 95 пайыз жайылымға шөп шықпай, жауын-шашын мүлде болмаған. Оның үстіне, теңізге Сырдариядан құятын су күрт азайып, Қамбаш, Ақшатау көлдер жүйесімен кіші Арал теңізі жағалаудан бір жарым километрге тартылып кеткен. Теңіздің тартылуы салдарынан үш мыңға жуық балықшы күнделікті нәпақасынан айырылып, 9 балық өңдеу зауыты 14 шағын цех уақытша тоқтап қалу қаупі бар. Теңізге жыл сайын кемінде 3 миллиард текше метр су түсуі қажет. Алайда теңізге судың түсуі әсіресе вегетациялық кезеңде қалдық принципі бойынша жүзеге асырылып келеді. Осыған орай «Амапат» партиясы Аралды алаңдататын

мәселе бойынша толық шешімін табу үшін келесі іс-шараларды іске асыру керек деп санайды. Біріншіден, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерімен вегетациялық кезеңде теңізге бөлек су лимитін белгілеу жөнінде және «Фархад» су торабынан төменге санитарлық су жіберу мәселесі бойынша келіссөздер жүргізіп, ынтымақтастықты ұзақ жылдарға жоспарлауға қол жеткізу. Екіншіден, мемлекетаралық келісімді кепілдендірілген келісім статусын беруге атсалысу. Себебі Арал теңізіне берілген лимиттің сақталуын және орындалуын бақылап отырған ешбір орган жоқ деуге болады. Үшінші, Қараөзек арнасының бойындағы көлдер жүйесіне 1 миллиард текше метрге жуық қысқы, көктемгі су тасқыны кезінде жинақтау мүмкіндігі бар. Ол үшін Қараөзек арнасының бойындағы 3 су тоспасын қалпына келтіру маңызды. Төртінші, өңірлік дамуға және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру жобасына дүниежүзілік банктің қайтарымсыз грант есебінен солтүстік Арал теңізінің аумағын ұлғайтудың нұсқалары бойынша тиімді шешім қабылдап, жобаны жалғастыру мақсатында өкілетті органдар тиісті шаралар қабылдаған жөн. Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз» — деді халық қалаулысы.

Шынында, бұл — ойланатын мәселе. Гидрологтар трансшекаралық өзендер келісімі құжаттағыдай орындалмаса, қажетті су көлемі толық берілмесе, Балқаш көлінің үштен бірі қалып, Орал өзені суалып, Жайық тартылып қалса, Каспий қаталап, Арал тағдырын қайталамасына кінәлі деп қауіптеніп отыр. Қауіптенуге негіз бар. Ал Арал тағдыры туралы ел азаматы, халық қалаулысы Мархабат Жайымбетов халық көкейіндегі мәселені дөп қозғайды. Енді сең қозғалып, көрі Аралдың кеберсуіне жол берілмесе құба-құп. Өйткені аралдықтар теңізбен бірге тыныстап жатыр. Ал тұз алыс құрлықтағы шың басындағы мұздарды ерітіп жатқаны мұнан бұрын айтылған еді. Ендеше, бұл табиғат апаты дүниежүзі экологтарының назарына ілініп, күллі адамзат баласын қауіптендіріп отыр.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

КӘСІПТІ ҚОЛДАУДА НӘТИЖЕ БАР

Басы 1-бетте

— 2022 жылы кәсіпкерлерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бағдарламасы арқылы 20 млн теңге қаражат алып, жылыжай кешенін аштым. Ауыл тұрғындарын жылыжай өнімдерімен қамтамасыз етеміз. Қазіргі таңда жылыжайды кеңейттік келеді. Осы мақсатта 3 сотық жер алдым. Енді тағы да қосымша жер қажет болғандықтан жылыжай жанынан 30 сотық жерді заңдастырып берсе деген өтінішім бар. Бұл өз кезегінде өнімдерді сақтау үшін қойма салуға қажет, — дейді жылыжай иесі Жәнісбек Бердешов.

Жеке кәсіпкердің жағдайын тыңдаған депутаттар аталған мәселенің комиссия қаралымында екенін жеткізді.

Жеке кәсіпкер Гүлнәз Құдайбергенова «Жұма» көлік жуу орталығының жұмысымен

Әрі қарай «Нұрбек» азық-түлік супермаркетіне барды. Жеке кәсіпкер Перизат Алимбаева 2021 жылы өз қаражатына азық-түлік дүкенін ашып, бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы аясында 3 млн теңге қаражат алып, ауыл халқына қызмет көрсетуде.

— 2021 жылы халыққа арзан бағада азық-түлік супермаркетін аштым. Қазіргі таңда осы супермаркетті кеңейттім, монша ашқым келеді. Әлеуметтік дүкеннен бірігіп, халыққа қызмет көрсету ойымызда бар, — дейді дүкен иесі Перизат Алимбаева.

Осы орайда депутаттар шағын кәсіпті дамытуға арналған тиімді бағдарламалар туралы түсіндірді.

Мұнан соң халық қалаулылары Қызыл-жарма ауылдық округі мәдениет үйінде ауыл шаруашылығы, жер және экология мәселелері



таныстырды. Ол 2021 жылы «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС арқылы 6 млн теңге қаражат алып, өзін-өзі жуу көлік орталығын ашты. Қазіргі таңда қала мен ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде.

— 2021 жылы микроқаржы ұйымы арқылы несиесі алып, отбасылық шағын кәсіп аштым. Ауыл және қала тұрғындарына тәулігіне 24 сағат қызмет көрсетеміз. Қазіргі кезде кәсібімізді кеңейтіп, жабық көлік жуу орталығын ашуды жоспарлап отырмыз, — дейді Гүлнәз Құдайбергенова.

жөнінде тұрақты комиссия мүшелерімен көшпелі отырыс өткізді. Отырысқа Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы директоры Пірмұхамед Сыдықов, Қызыл-жарма ауылдық округі әкімі Медет Сейілов, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысы Бағлан Аманкелдиев, қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастар бөлімі басшысы Фабиет Тобажанов қатысты.

Нұрай АРМАНҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті

Дені сау адам – табиғаттың өң қымбат жемісі. Көп жасау – деннің саулығы, бақытты болу – адамның өз қолындағы ісі депті ғұламалар. Денсаулықты зор байлыққа теңеген халқымыз ағзаның саулығын бақытқа балаған. Осы ретте адам денсаулығын сауықтыруда ақ халатты абзал жандардың еңбегі өлшеусіз. Ал өңірдің медицина саласын басқару үлкен жауапкершілік пен тынымсыз ізденіс пен ерекше еңбекті қажет етеді.

құрылысы жүргізіліп жатса, қалада бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсек орынға арналған көпбейінді ауруханасының құрылысы басталған.

Аталған денсаулық сақтау нысаны құрылысы бойынша министрлікпен тиісті жұмыс жүргізілуде. Премьер-министрінің бұйрығы орынбасары А.Көлгіновтің облысқа жұмыс сапары барысында Шіелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасында аймақта атқарып жатқан жұмысы туралы баяндады.

А.Көлгінов облыстық фтизиопульмонология орталығы және облыстық психикалық ден-

үстемен жұмыс жасап жатқанына ерекше назар аударып, облыс әкіміне мән жайды түсіндіріп, мәселе қолдау тапты. Осылайша бұрын-соңды облыста болмаған 150 төсекке арналған көп бейінді қалалық балалар ауруханасын жергілікті бюджет қаражаты есебінен ашу жұмысы жүргізілуде.

Жағымды жаңалықтың бірі жас аналарға жоғары мамандандырылған медициналық комектің қолжетімділігін арттыру мақсатында жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік босану бөлімшесін ашу жұмысы қолға алынды.



ДЕНСАУЛЫҚ

Оның айтуынша 2023 жылға облыс бойынша жергілікті бюджет есебінен орфандық – сирек кездесетін ауруы бар науқастарға 345 986 мың теңге қаржы қаралған. Былтырғы жылмен салыстырғанда 150 млн теңгеге көбіейіп отыр.

– Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жергілікті бюджет қаражаты есебінен

орталығын Арал, Қазалы, Жанакорған, Шіелі аудандарында ауданаралық оңалту орталығын ашу жоспарланыпты. Бұл бастама өз кезегінде 5000-ға жуық ерекше баланың тиісті оңалту шарасын тұрғылықты жерде қабылдауға мүмкіндік береді.

Басқарма басшысы Байқоңыр қаласы, Арал және Жанакорған аудандарына жұмыс сапарымен барып, медициналық ұйым жұмысымен танысқан. Тұрғындарды қабылдап, ашық диалог ұйымдастырып, алыстағы ағайынның арыз-шағымын тыңдаған.

Алматы және Жамбыл облыстарындағы үздік тәжірибені енгізу мақсатында Шіелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасы және №6 қалалық емханасы мамандары тәжірибе алмасу және озық тәжірибені жүзеге асыруға жолданды.

Облыс тұрғындарына травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді жақсарту мақсатында Астана қаласының №2 көпбейінді қалалық ауруханасының травматология бөлімшесінің аға дәрігері А.Кузнецовтың қатысуымен «Поли-жарақат» тақырыбында семинар өткізіліп, облыстық травматолог мамандары тәжірибе алмасқан.

Бүгінде облыс тұрғындарына жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымдардың жақтты бағыты анықталып, «Қазақстан халқына» қорына сұраныс хат жолданды.

Еліміздің бірқатар өңірінде медицина саласының қызметкерлерінің оның ішінде орта буын медицина мамандарына тапшылық әлі де бар. Әсіресе еліміздің солтүстік өңірінде медицина маманына тапшылық жоғары. Осы мәселені шешу мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының шақыртуымен 10-11 мамыр күндері аймағымызға Қостанай және Солтүстік Қазақстан облысынан арнайы құрылған жұмыс тобы келіп, медициналық жоғары колледжінің мәжіліс залында бітіруші түлектермен кездесу өткізілген.

Басқарма басшысының төрағалығымен наурыз айының соңынан бүгінгі күнге дейін медициналық ұйымның бас дәрігерлерімен 5 облыстық штаб отырысы, 9 апталық лездеме өткізілген.

Осы уақытқа дейін басқарма басшысының жеке қабылдауында 94 азаматтың мәселесі қаралып, 60-ы оң шешімін тауып, 24-не аяқ аясында түсінік берілген.

Қазақтың «жас келсе іске» деген ұлағатты сөзі бар. «Халықтың денсаулығын сауықтыру мақсатында қаншама жұмыстар атқарылған. Алда атқарылар шаура да шаштөктен», – дейді басқарма басшысы.

Дәрігерлік – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген сүйіспеншілікті қажет ететін мамандық. Ал аймақтың денсаулық саласының жұмысын үйлестіру басшының шеберлігін дәлелдейді.

ШЫДАМДЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ

Аймақтың бас дәрігері қызметіне тағайындалған сәттен Олжас Искаков әр сала бойынша облыстың штаттан тыс бас мамандарын жеке қабылдап, мәселесін тыңдағаны айтады. Нәтижесінде тұрғындардың медициналық көмекке арыз-шағым азайған.

Нефрология қызметін дамыту жөніндегі жол картасы шеңберінде «Облыстық қан орталығы» ШЖК КМК-дағы қандағы такролимус концентрациясын анықтайтын аппаратқа реагент жеткізіліп, облыстағы бүйрегі ауыстырылған тұрғындарға талдау жұмысы басталған. Сонымен қатар «Орталық қалалық емханасы» ШЖК КМК-ға иммунохимиялық анализатор аппараты сатып алынып, қондырғы іске қосылған.

Одан бөлек аймақтағы хирургия саласын дамытудың жол картасын әзірлеу – игілікті істің бірі.

Барлық медицина ұйымдары бас дәрігерлерінің 2022 жылы атқарған жұмысы, 2023 жылға қойған міндетін талқылау мақсатында жеке қабылдау өткізілген. Аймақ медицинасының 2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары дайындалуда.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтағановтың төрағалығымен, медицина ұйымдары бас дәрігерлерінің қатысуымен 2023 жылдың I тоқсанын қорытындылау бойынша алқа отырысын өткізіп, нақты тапсырма берген.

Бүгінде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары жалпы құны – 11,2 млрд теңгеге 27 денсаулық сақтау нысан құрылысы, 2025 жылға дейін Арал, Қазалы, Шіелі, Жанакорған ауданаралық ауруханасын «Көпбейінді аудандық аурухана» деңгейіне жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда қаласының сол жағалауында 2,9 млрд теңгеге облыстық қан орталығының



саулық орталығы гимаратының күрделі жөндеу жұмысымен танысып, бөлінген қаржыны мақсатты игеріп, жұмысты сапалы жүргізуді тапсырды. Әріптестеріне ана мен бала денсаулығын басты назарда ұстауды арнайы ескертіп отырамын. Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы 200 төсек орынға арналғанымен 360 төсек болып

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықаралық стандартқа сай 200 төсектік перинаталдық орталық салу мәселесі пысықталып, жер учаскесі бөлінген. Былтырғы жылы медицина ұйымдарын техникамен қамтамасыз етуге қомақты қаржы қарастырылған, – дейді О.Искаков

88 160 мың теңге бөлінді. Аталған қаржының барлығы ана мен бала денсаулығын сақтау саласының игілігіне жұмсалмақ. Қажеттілікке қарай мамандарды шет елде оқыту мәселесі пысықталуда. Республикалық мамандармен байланыс нығая түсуде. Астана қаласы ұлттық ғылыми медицина орталығының кардиохирург дәрігері Марат Мыңбаевпен облыстағы туаытты ақаумен туған есепте тұратын 62 балаға кеңес беріліп, 18 бала ота жасауға жолданды. Акушерлік-гинекология саласы бойынша республикалық куратор, «Акушерия-гинекология және перинатология ғылыми орталығының» дәрігері Б.Туленова облысымызға іс-сапармен келіп, медицина ұйымдарына тәжірибелік көмек көрсетті. Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығының психоневрология бөлімінің меңгерушісі, невролог дәрігері А.Алижанова көпбейінді облыстық ауруханасына келіп, «Церебралды сәл ауруының күтім ерекшелігі», «I жасқа дейінгі балалардың жүйке-психикалық дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, – дейді өңірдің бас дәрігері.

Басқарма басшысының айтуынша, осы жылдың 24 сәуірінде өткізілген кезекті сессияда орфанды сирек кездесетін ауру түрімен сырқаттанатын облыс тұрғындарына жергілікті бюджеттен қосымша 100 млн теңге бөлінген. Одан бөлек басқарма ұсынысы «Қазақстан Халқына» қорына жолданып, нәтижесінде 34 млн теңгеге 3 наукас «Динрай», «Рисдилам» препараттарымен қамтамасыз етіліпті.

Сондай-ақ биыл 15 төсекке арналған «Лор» бөлімшесі көпбейінді облыстық балалар ауруханасында ашылған. Лор бөлімшесінің ашылуы балалардың денсаулығын одан әрі жақсартуға жасалып отырған игілікті шара екені анық.

Сонымен қатар республика бойынша оңалту-дың брендіне айналған «Қамқорлық» оңалту

ДӘРІГЕРГЕ ЖҮРЕК ТАЗАЛЫҒЫ МЕН МЕЙІРІМДІЛІК КЕРЕК

Дәрігер – адам жаны мен тәнінің шипагері. Ақхалат кию мойнына қаншама жауапкершілік жүктейді. Бұл жерде жүрек тазалығы мен мейірімділік аса қажет. Егер бойында осындай жақсы қасиеттер болмаса, мамандықты дұрыс таңдамаса, көңілін ақ, жүрегің мейірім мен шуаққа толы болмаса, қанша жерден бұл мамандықты игергенімен, жоғары жетістік пен сәттілікке жете алмайсың. Бұл – біздің бүгінгі кейіпкеріміз қаладағы №6 емхананың бас дәрігері Жаннат Қожарипованың пікірі.

Шынында, дәрігердің өмір жолына қарап, оның өте еңбеккер, өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын білгір басшы екендігін жазбай танисың.

Жаннат Шайхысламқызы Қожарипова 1968 жылы 7 қазанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Батыржан Шалғынбаев атындағы №217 орта мектепті бітірген соң 1986-1992 жылдар аралығында Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын бітіреді. Алғашқы еңбек жолын №1 перзентханадан бастайды. Емдеу орнында 1992-1994 жылға дейін дәрігер болып жұмыс істеп, интернатурадан өтеді. 1995 жылдан 2002 жылдар аралығында №2 қалалық емханасында акушер-гинеколог қызметінде, 2002-2004 жылдары облыстық медицина орталығында дәрігер болады. 2004-2013 жылдар аралығында қалалық әйелдер консультациясының бас дәрігері, 2013 жылы облыстық перинаталдық орталығының бас дәрігері болып тағайындалады. Мұнан соң 2013-2014 жылдары «Интертич» клиникасы бас директорының орынбасары, 2014 жылдың қаңтарынан желтоқсан айына дейін облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала ісі жөніндегі орынбасары, 2014 жылдан 2015 жылға дейін облыстық инфекциялық ауруханасының бас дәрігері, 2015-2017 жыл аралығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала ісі жөніндегі орынбасары болып, абыройлы қызмет атқарады. 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін №6 емхананың бас дәрігері қызметінде.

– Дәрігер – деген мен үшін ең құрметті атақ. Мансап, қызметтен жоғары адамгершілік, адалдық деген ұғым бар. Өмір жолыма мені жетелеп келген ата-анамнан берілген осынау ұғымдар. Дәрігер болу үшін тер төгіп, тәуліктің 24 сағатында да жаныңды аямай, ұйқысыз түнді өткіздік. Басқа мамандық иелері жұмыс орнынан шыққанда бүкіл жұмыс барысындағы күйзелісті жұмыс болмесе тастап кетеді. Ал біз, біздің әріптестеріміз жұмыстың проблемасын үйге алып келіп, науқасты үйде де ұайымдап, жанын жақ таппай қиналасың. Бізде сенбі, жексенбі деген болмайды. Аяқ астынан шақыру түсе түн мезгілінде



шақыртуға барып, үздіксіз жұмыс істеп, әскерлер секілді қырағалық көрсетеміз. Оның үстіне маған еңбек жолыма жауапкершілік артып, түрлі қызметтің тұтқасын ұстатты. Халық алдындағы жауапкершілік, ұжым алдындағы абырой үнемі маған қажымас қайрат, талмас қанат береді. Осы мамандықты таңдағаным еш өкінімем. Себебі мен өз мамандығымды шексіз сүйемін. Сондықтан барлық ауыртпалық пен қиындығын мойымай көтеремін, – дейді бас дәрігер.

Шынында дәрігер болу жүректің батырлығы мен шексіз шыдамдылық пен сабырлы болуды талап етеді. Жаннат Шайхысламқызы – өз мамандығының білгірі. Ерен еңбегі еленіп, алған марапаты да еңбегінің жемісі деп білеміз.

2006 жылы денсаулық сақтау министрінің Алғыс хатымен, 2008 жылы денсаулық сақтау министрінің құрмет грамотасымен, 2021 жылы «Халық алғысы» медалімен, сол жылы «Шапағат» медалімен марапатталған. Отбасылы, бүгінде үш бала тәрбиелеп отырған абзал ана.

Қазақта кәсіп таңдауда қателеспеу керек деген сөз бар. Жаннат Қожарипова кәсібіне адал, қол астындағы қызметкерлерге сыйлы, халқына қалаулы жан. Ұлкен жүректі дәрігерге деген елдің ризыс ықыласы да өміріне шуақ сыйлайды. Елдің ақ батасын арқалаған жанға біз де табыс тілейміз!

АДАМ ЖАНЫНЫҢ ШИПАГЕРІ

Дәрігер деген мәртебелі мамандықты шынайы иесі атану үшін өмір деп жанталасқан жанның жүрегіне жылылық орнатып, біліктілікпен дауа дарыта білу керек. Ежелгі Грек ғұламасы Гиппократтың «Дәрігер – Құдайға жақын адам» немесе «Данышпандықты іздеген – соның бәрі де медицинадан табылады» деген өсиетінің өміршеңдігі ақ желенді дәрігерлер қауымы үшін ұлағатты ұстаным.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Тұрсынкул Сариеваның бойына осындай қасиет дарыған аяулы жан. Ол ұзақ жылдар медицина саласында қажырлы еңбек етіп, өзіне қатаң талап қойып, сол ұстанымның арқасында қандай қызмет істесе де абырой биігінен көрініп келеді.

Өмір жолына, қызмет сатысына көз салсақ, жұмыстың ең қиын жерлерінде жүргенін көруге болады. Бұл оның еңбек-қорлығын дәлелдейді. Мектепті бітіре салысымен Қызылордадағы медициналық училищеге оқуға түседі. Алғаш еңбек жолын қалалық перзентханада мейірбике болып бастайды. Онда 1987 жылдан 2002 жылға дейін жұмыс істейді. 2002-2015 жылдар аралығында перинаталдық орталықта жана туған нәрестелер бөліміне аға мейіргері, 2015-2017 жылдары облыстық жұкпалы аурулар ауруханасында мейіргер, 2015-2017 жылдар аралығында №6 емхананың күндізгі стационар бөлімінің аға мейіргері болып

еңбек еткен. Бүгінде №6 емхананың бас мейіргері қызметін атқарады.

– Дәрігерлік – менің ойымша аса жауапкершілік пен табандылықты талап ететін аса күрделі мамандық. Себебі дәрігерге науқас өзіне ең қымбаттысын, яғни жанын аманаттайды. Сондықтан да болар дәрігерлер басқа мамандық иелеріне қарағанда едәуір ұзақ білім алады. Дәрігерлікті тіпті 9 жылдың ішінде де толықтай қамту мүмкін емес. Дәрігерлікке адамдар өмірінің соңына дейін үйренеді. Себебі медицина бір орында тұрмайды. Адамдар үнемі қандай да бір емге жана препарат, профилактика не емдеу тәсілін ойлап тауып жүреді. Мен де өмірдің



соңына дейін өзімді осы мамандыққа арнауға дайындап, – дейді білікті маман.

Шынында, бар өмірін медицина саласына арнаған ақ халатты абзал жан бүгінде ел алғысына бөленіп отыр.

МЕЙІРІМДІ МЕЙІРГЕР



қызметке тағайындалды. Қарамағында бір-неше мейіргер жұмыс істейді. Бұл қызметті де Анар мүлтіксіз адал атқарып келе жатқанын естіп отырмыз. Қызметіне табыс, отбасына амандық тілеймін, – дейді КБИ шағын ауданының тұрғыны Ақсауле Атабаева.

Емделушілер мейіргердің еңбегіне жоғары баға беріп отырса, бұдан асқан бақыт бар ма?! Бүгінде Анар өз отбасында қадірлі ана, әзіз әже. Өмірге 1 ұл, 2 қыз әкеліп, балаларына жоғары білім беріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, құрмет төрінен көрініп, жарасымды жаңауың отанасы мен шырақтысы болып, үлгілі отбасының ұйытқысы болып еңбек етуде. Біз де осы бір ақ халатты абзал жанға абырой мен бақ тіледік.



Бетгі дайындаған Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА. Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.





Отбасы



ЕР МЕН ӘЙЕЛ

Құран аяттарының бірінде Алла алдымен Адамды жаратып, одан кейін ұйықтап жатқанында қабырғасынан Хауа ананы жаратқаны айтылған. Ер мен әйелді бір бүтін дей тұра екі бөлу қаншалықты қажет және әйелмен еркектің қандай айырмашылығы бар?

Еркек пен әйел тең бе? Қоғам еркек пен әйелдің физиологиялық, психологиялық жағынан айырмашылығы бар екенін мойындағанымен, заң жүзінде тең деп жариялаған. Себебі қазіргі қоғамда еркектің жұмысын әйел адам да жасай алады. Әйелдердің басым көпшілігі жұмыс істеп, жеке бизнеспен айналысып, қоғам саясатына белсене араласып, басшылық қызметке дейін жетуде. Тіпті қара күшті қажет ететін ауыр атлетика, бокс, каратэ сынды басқа да көптеген ерте тән спорт түрлерімен әйел адамдар да айналысуда. Байқағанымыздай, ер мен әйел теңдігі тек іс жүзінде ғана.

Дәстүр мен дін не дейді? Ал дәстүр мен дін жағына келсек, еркек әйелден үстем болған. Демек, әйелдер қырық жанды екенмін деп өзінің нәзік жаратылысы екенін ұмытпау керек. «Еркектер әйелдерге басы. Өйткені Алла бір-бірінен артық қылды. Сондай-ақ олар мал-мүліктерінен пай-

даландырады. Ал, жақсы әйелдер – бой ұсынушы, Алла қорғауға бұйырған абыройын қорғаушы» делінген. Алла әйелді еркекке аманат етіп жаратты. Себебі Алла жаратқан әрбір заттың бұл өмірдегі орны мен өзіндік құқықтарын міндеттеген. Осы тұрғыда еркек маңдай термен нәпақа тауып, отбасын асырап, әйелінің бар қажетін көтеріп, жағдайын жасау міндеттелсе, әйел ерине мойынсұнып, бала тауып, дүниесін қорғаған. Әйел адам – ол Алланың көркем жаратылыстарының ішіндегі тәні нәзік, жаны сұлу жаратылыс. Оның жаратылысының күштілігі – әлсіздігінде. Сондықтан ер мен әйелдің тең болуы мүмкін емес. Қай жағынан алып қараса да әйел ерден бір саты төмен. Нәзік жаратылысымен отбасына мейірім, махаббат, жылулық көрсетер болса, ерлер қауымы өз аманатына қиянат жасамай, қорған болары хақ.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ЖАҚЫНЫҒЫ БАҒАЛА

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, әлемдегі әрбір бесінші әйел зорлық-зомбылыққа тап болады. Ең сорақысы, жігіттің қол көтергеніне қарамастан оған тұрмысқа шығатын қыздар бар. Мұндай некенің берік болуы екіталай. Арада бала болса, отбасындағы кикілжіңнің зардабын тартады. Өз анасының таяқ жегенін көріп өскен қыз баласында тұрмыс құруға деген теріс ұғым қалыптасуы мүмкін.

– Әйел – ер адамға берілген Алланың аманаты. Аманатқа қиянат жасамау керек. Әйелді болашақ ұрпақтарының анасы ретінде сыйлап, аялай білсе әр әйел бақытты болар еді. Әйел бақытты болса, отбасы түгел бақытқа кенеледі, – дейлі психолог Бекзада Ерназарова.

– «Жақсы әйел жаман еркектің басын төрге сүйейді, жаман әйел жақсы еркекті көрге сүйейді». Жанжал бір жақты болмайтыны анық. Отбасының тыныштығын сақтап қалу үшін әйел де тырысу керек. Еркек – әйелдің тұңғыш баласы тәрізді. Еркектер жерінде еркелетіп, қолдауға зәру кезінде қолдаса – жылулық бар жерден қашпайды. Көп жағдайда әйел айтар сөзін саралап, он ойланп, мың толғанып сөйлеу қажет, – деп өмірлік тәжірибесімен бөлісті Несіпбай қария.

Белгілі журналист, мәдениет қайраткері – Бейсен Құранбек жұбаймен үйленер алдында бір-біріне 7 қағида жасаған. Қағиданың 5-шісінде: «Ренжісіп қалсақ, 5 минуттан соң сөйлесеміз. Жақсы адамның ашуы шөй орамал кепкенше, жаман адамның ашуы басы жерге жеткенше. Біреуіміз қылт етсек, екіншіміз уақыт санап отырамыз», – деген болатын. Отбасы – кіші мемлекет. Мемлекеттің тыныштығын сақтап, берекесін арттыруда ер мен әйелдің маңызы зор. Екі жақты жауапкершілікті қажет етеді. Ендеше өз бақыты үшін, балаларының бақыты үшін неге тату-тәтті отбасы болмасқа...

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) «Сыйластықтан асқан махаббат жоқ», – деген болатын. Әйел – ерім деп ерін сыйласа, еркек – теңім деп жарын сыйласа отбасының керегесі кең, шаңырағы биік болары сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, жақының бағалай білгенің көсегесі көгеретінін ұмытпайық!

Назкерімсұлу ӘУБӘКІР,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің 3-курс студенті

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Өмір кино секілді, себебі кино шынайы өмірден алынады. Сол секілді бүгін өзіміздің бір хикаямы айтып бермеуіміз.

2017 жылы «Ақмешіт жастары» газетіне «Бала тағдырын кім ойлайды» атты мақала жаздым. Онда кішкентайымда әкесіз өскенімді, оған деген сағынышым айтылған. Бәлкім, әкем оқи қалса, қызы екенімді іші сезіп мені іздер деген ой келді. Ата-анам тым жас болғандықтан ерте ажырасып кеткен еді. Анамның қолында өскен мен әкем жайлы қанша сұрасам да мазалаған сұрақтарыма жауап ала алмайтынмын. Кейін жанын ауыртпайын деп бәрін ішіме сақтадым.

Өмірде түрлі тағдыр болады екен. Үлкендер «Алла сүйген құлына ғана көтере алатын сынақ береді» деп жиі айтады ғой. Сол секілді осы сынақтан өту маған бұйырса керек. Өмірге налымай, сағым сынбай, үмітім үзілмей ешкімге айтпай араға 25 жыл салып, әкемді іздеуге шықтым.

Бұрын әкемнің отбасылы екенін, артымда бауырларымын барын, көкөніс сататын дүкендері бар екенін естуші едім. Алайда іздеуге батылым жетпейтін. Өкені 25 жыл көрмей осы аз уақыт емес, өмірімнің жартысы десем де артық етпес. Себебі ол жасқа жеткен де, жетпеген де бар.

Осы күнге дейін әкемді бір көрмесем де жүрегіммен қатты жақсы көрдім. Қыз бала әкесіне жақын болады деген осы болар. Бала кезде іздеп табу қиынға соғатын. Яғни қайда барсам да анамның таныстары алдымнан шығып, айтып қоятындай көрінетін еді. Ал қазір ер жеткендіктен, өзіме сенімім артып, 25 жыл іздеген әкемді бір күнде базарға барып, сұрастырып тауып алдым. Негізі адам табамын десе қазір-ақ екен. Бастысы, күш жігер мен батыл қадам керек.

Жұмыстан соң достарыммен түскі уақытта базарға бардык. Жанымдағы құрбым көкөніс сататын дүкенге кіріп, әкемнің нөмірін алып берді. Еш ойланбастан



әкеме хабарластым. Осылайша туған әкем екеніне көз жеткізіп, жүзбе-жүз жолығуды шештім.

Мені жұмыстан алып кеткенше қатты толқып, жылап та алдым. Тіпті түскі асымды да ішпедім. Тамағымнан ештеңе өтпеді. Сағат 15.30-да келем деген әкемді тағатсыздана күттім. Уақыт та өтіп болмай, әр минут пен секундты санадым. Терезеден қарағаным сол еді, бір көлік келіп тоқтады. Көліктен адам шықпады. Келіп тұрған әкем емес пе екен деп ойладым. Бірақ уақыт әлі болмады ғой деп жұмысымда отыра бердім. Содан шыдамай «Келе жатырсыз ба?» деп хабарластым. Ал әкешім келіп тұрмын деді. Ол кісіді толқыған болуы керек. Осы күнге дейін әкем мен жайында сырттай бәрін біліп келген екен. Тіпті түрімді де біледі екен. Ал мен суретін көргендіктен әкемді көргенде танымалдым. «Қызым» деп құшақтай алғанда жүрегім қатты соқты. Бірақ толқынысым мен көз жасымды әкеме көрсетпеуге тырыстым. Барынша ұстамды болып, ішіме сақтадым. Жанымды жеп келген көптеген сұрақтар мен реніш әкемді көрген сәтте-ақ ұмытылды. Әкеммен емін-еркін сөйлесу барысында сұрақтарымның жауабын алдым. Іздеп келгеніме

жуанған әкем, екінші рет құрған отбасымен күтпеген жерден таныстырды. Барлығы мені жақсы қарсы алды. Осылайша бір күнде туған әкемді ғана емес, туған бауырларымды тауып, көрістім.

Әкемнің тұңғышы болғандықтан артымнан ерген туған бауырларым да мені әкесі ретінде қабылдап, көңілім орнына түсті. Бастысы, мен әкемді тауып, немересін, ал әжеме шөбересін көрсеттім. Мен іздеп келгенде әкем мен әжемнің тірі болғанына қуандым. Аллаға шүкір, кеш те болса басымыз қосылды. Мен үшін бұдан асқан бақыт жоқ.

Әрине, мұндай жағдай мені ғана емес көптеген адамның басынан өтуі мүмкін. Өсіресе қазіргі таңда ажырасу мәселесі көп, сол секілді ата-анаға айтарым, баланы бір жақты ғана өсірмеңіздер. Әр бала әкешесін біліп өсуіне құқылы. Мысалы, шет елдің қаншама азаматы қазақ балаларын асырап алса да: «сен қазақсың» деп өз ұлтын айтып, туған әке-шешесін табуына көмектеседі. Сол секілді баладан тындықты жасырып, «олай болмайды, сен кішкентайсың, өскенде түсінесің» деген ойдан аралып, баламен үлкендерше сөйлесер болса, ол кезде еш қиналмастан түсініп біліп өседі. Ал әке-шешесіз өскен балаларға айтарым, ешқашан ата-анаға кінә артып, ренжімеу керек. Себебі алда не болатыны, тағдыр жолы қалай тоғысатыны тек бір Аллаға аян. Алла сүйікті құлдарын қалай сынағалса да, адам соған төтеп беріп, тура жолдан адаспау керек. Адам мына өмірден жаңы тынышталмай кетпейді. Алла бәрібір өз ата-анасына жолықтырмай, мына өмірден адам жаңын алмайды. Ата-анамыз бала үшін Алла алдында сұралса, бала да ата-анадан сұралады. Сондықтан кешірімді болып, адамдарға жақсылық жасап, қашанда ата-ана үшін дұға жасап, Аллаға шүкіршілік ету керек.

Н.ТАЛҒАТҚЫЗЫ

Сәлем салу – салты зой бұрынғыты...

ана да жібіп сала береді емес пе? Ойына Тәңірден нұр боп құйылған бар батасын беріп, шынайы алғысын жаудырады. Жас келіннің жаса басқан қадамына бата арқылы құт дариды.

Қарияға сәлем қыл, көңілі қалар, Қариялар қашанғы жүрер дейсін. Шынында ата-ене келіннің қамқоршысы, немерелерін отлардан артық кім еркелетіп, маңдайынан сүйеді. Сондықтан жаңа түскен жас келіннің аттаған босағасындағы жасы үлкендерге құрметі қашанда бағалы. Иілгеннен келіннің қадірі кемімейді, керісінше ел анасы атаңа бір табан жақындайды. Ол да қарапайымдылық түрне жатады. Ал қарапайымдылық, бияздық, мүдіріп сөйлеу Алладан адамға берілген үлкен сый. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ұлағаттың астарында үлкен пәлепапа жатыр. Кісіліктен гөрі кішілікке ұмтылған адамға Алланың назары түседі. «Беташар» жасалғанда айтылатын өсиеттің өзінде тереніне бойлағанға қаншама ұлық пен жылылық жатыр. Базар жыраудың жазған «Беташарын» алып қарайық.

Әзірлеп сүлгі, су құйдыр,
Болғасын тамақ ішілді,
Аларсың алғыс әр жерде - ақ,
Үлкенге қыласаң кішілік.
Жасыңнан шықпаса жақсы атың,
Кеуіліңде болса кісілік.

Базар жыраудың өсиетінің мазмұнында жаңа түскен жас келінге деген тәлім мен тәрбие жатыр. Жаңа түскен келін беташарда осы ұлағатты сөзден өзіне керек азығын алып жатса нұр үстіне нұр болар еді-ау деген ойға қаласын. Жырау жас келінге орынсыз әңгімеге абай болуды, төрге шығып кетпеуді

ескертеді. Бейғам қарап қалмай, үлкеннен алғыс алып, қызмет қылуға уағыздайды. Келін халықтың алдында сәлем салып тұрып сол өсиетті орындауға бейне уәде беріп тұрғандай әсерде боласын. Сәлем салу келіннің отбасындағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі мен қошеметі деп түсінесің. Әдетте келін ата-енесіне күнде таңертең және олар ұзақ уақыт сапарда болғанда оралғанда сәлем салады. Бұл жасалған құрмет елеусіз қалмайды. Ата-енесі «Бақытты бол! Көп жаса! Перзенті бол!» деген ақ батасы мен жылы лебізін келіндеріне жаудырып жатады. Бұл дәстүр беташардан басталады. Өзіміз куә болып жүргендей беташарда күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтылған соң келін мен оны қолтықпап тұрған абысындары иіліп сәлем салады. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, ол күйеуінің ағайындарын көрген кезде екі қолын алдына айкастырып, жылы жымынып, «сәлем бердік» деп дауыстап, өзі иіледі. Ағайындарға, тіпті көрші-көлем үлкен кісілерге жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем береді.

Жас келін бір шаңырақтың берекесін кіргізетін болашақ ана болғынын сыйлы. «Жақсы келін – қызындай, жақсы күйеу – ұлындай» деп қазақ бекер айтпаған. Сәлемнің тағы бір түрі той-томалақта, көпшілік бас қосқан жиындарда табыты алған кезде орындалады.

Бәрін айт та, бірін айт қазақтың қай дәстүрін, ырым-тыйымын алсақ та тұнып тұрған тәлім, өркендеп жатқан өсиет. Ал тәлім мен өсиетке сусындаған ұрпақтың көші түзу, болашағы жарқын болады.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Қыз баланы неге төрге оздырған?

Кезекті еңбек демалысымда ауылға барып, туып-өскен жерім ауасын жұтып, суын ішіп, ағайындарға сәлем беріп қайтуды жылда әдетке айналдырғаным. Был да сол әдетіме салып, ауылма бардым. Адамдары сол жағы құшақ жая қарсы алатын жегендерім де, ағаларым да қартайған, бірақ әлі күнге сол әдебінен жаңылмаған, қыз төрге шығады. Төменге отырып қалсақ, «бізді несібімізден айырып, кедей қылайын деп не едің? Жөк болмайды» деп қақ төрге отырғызып қояды. Жасы үлкен қариялардан асып, төрге отыруға именесін. Сонда да қоймай, жоғары шығарды. Көпке дейін қыздың қандай қасиеті бар екен, төрге озытып деп ойланым жүрдім. Сол жұмбағымның шешуін өткен жолы ауылға барған кезде білдім.

Оны маған елге аға боп жүрген, шерттіп жіберсе шежіресі дайын тұратын Өміртай ағам айтты.

«Нұх пайғамбардың Хам, Сам, Жаппас деген үш ұлы және Уәсила деген қызы болыпты. Пайғамбар үнемі қызына құрмет көрсетіп, оған мүлде дауыс көтермейді екен. Қызы да әкенің қалауын қабағынан түсінетін сұңғыла болып өседі. Нұх пайғамбар дастархан басында отырғанда үнемі қызын үш ұлынан жоғары, төрге отырғызады екен. Бұл үлкен ұлы Самның көңіліне күдік салыпты. «Уәсиланың жасы бізден кіші. Неге менен жоғары отыруы керек. Әкеміз бізді алапайды-ау» деп ойлайды. Бір күні дастарханда отырғанда:

– Әке, Уәсила кіші болса да, неге бізден жоғары отыруы керек? Ұлдың




мәртебесі арқашан биік емес пе? – дейді. Нұх:

– Біздің ырзақ-несібіміздің көп болуы Уәсилаға байланысты. Құт қызды жағалап жүреді. Оны босағаға отырғызып, шамданады. Төрге шығарсаң, қуанады. Орны жайлы болса, дастарханнан ас-тағамды үзбейді. Тұрмысыңды түзейді, – депті. Содан бастап Нұхтың үш ұлы қарындасын төрге шығарып, құрмет көрсететін болыпты. Үш ұлынан өрбіген ұрпақ бұл жоралғыны сақтап, берік ұстайды.

Қазақ арасында «қызыңды төрге отырғыз», «қызың босағаға отырғызба» деген талап-ырымдар осыдан шыққан екен» деп бір тоқтағанда, айналада отырған кісілер «бәрекедді» біз соны білмесек те, осы әдетті орындаймыз. Қыздың орны қандаша тұр ғой деп дабырласып жатты. Ал мен бағзы заманнан бері сол әдепті сақтап жүрген ауылдағы ағаларыма тәнті болдым.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басалады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 Тапсырыс №924

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА